

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Боранкүл ауылы «Kenes&co» жекеменшік
балабақшасы

«Тексерілді»

Балабақша әдіскері
Абдиразахова М.А.

Абдиразахова М.А.
«5» 09 2024 ж.

«Талқыланды»

педагогикалық кеңесінде
№ 1 хаттамасы


«2» 09 2024 ж.

Бекітемін

«Kenes&co» балабақшасы

менгерушісі: Төрегожина Г.Ж

Төрегожина Г.Ж.
«2» 09 2024 ж.



**«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» вариативтік бөлімі: ұсақ-қол моторикасын
дамытамыз**

«Еркетай» ересек топ

(балалардың қызығушылығына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет)

Тобы: «Еркетай» ересек топ

Барлығы: 36 сағат, аптасына 1 сағат

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

ҚР Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы № 557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары 2022 жылғы 09 қыркүйектен № 394 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен мен толықтырылулармен, Қазақстан Республикасы Білім және министрінің атқарушының ғылым міндетін 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына негізделіп ортаңғы топтарға 1 сағат вариативтік бөлімді жүзеге асыру бағытында 1 сағаты «Біртұтас тәрбие» атты «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын жүзеге асыру жағдайында «Барлығына қолжетімді сапалы білім» бағдарламасы (2023-2027 жж) мен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жоспарланды.

Мақсаты: балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау

Міндеттері:

адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге үйрету;

Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету;

Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту.

Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.

Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жалпы көлемі – 1 сағат.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы 20-25 минут.

**Ортаңғы топтарға арналған
балалардың қызығушылығына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет)
«Біртұтас тәрбие» вариативтік бөлімі**

№	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі
	Пазлдар жинау	Балалар түрлі-түсті немесе күрделі пазлдарды құрастырып, саусақтарын жаттықтырады.	
	Түймелерді тағу және шешу	Киімдегі түймелерді шешіп, қайта тағу дағдылары саусақ қимылдарын дамытады.	
	Сазбен жұмыс жасау (пластилин)	Сазды илеп, әртүрлі мүсіндер жасап, балалардың саусақ бұлшықеттері жетіледі.	
	Сурет салу және бояу	Бояу кітаптарын пайдаланып, түрлі-түсті қарындаштармен сурет салу балаға өз ойларын жүзеге асыруға және қол қимылдарын жаттықтыруға мүмкіндік береді.	
	Қайшымен қағаз кню	Балалар қайшымен қағазды әртүрлі пішіндерге кия отырып, дәлдік пен ұқыптылықты үйренеді.	
	Бисер немесе моншақтарды тізу	Ұсақ заттарды бір жіпке тізіп, балалардың қолдары жаттығып, шыдамдылық пен зейінділікке үйренеді.	
	Асықты іліп алып, түстерді тап ойыны	Балалар түстерді ажыратып, сәйкестендіріп, орналастырады.	
	Оюды құрастыр	Балалардың ою-өрнек элементтерін танып білуіне және олардың қайталану үлгілерін құрастыруына көмектесу.	
	Оюды таны	Ою түрлерін тануға және есте сақтауға үйрету.	
	Өз оюынды жаса	Балалардың қиялын дамыту және ұлттық элементтерді қолдану арқылы шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.	
	Ою-өрнекпен бояу	Балалардың назарын дамыту,	

		түстер мен элементтерді сәйкестендіру.	
	Оюларды сәйкестендір	Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.	
	"Шаш өру" ойыны	Балалардың қол моторикасын және зейінін дамыту, ұлттық дәстүрлерді үйрену.	
	"Қамшы өру" ойыны	Қол моторикасын жетілдіру, ұлттық мәдениетті таныстыру.	
	"Киіз басу" ойыны	Балаларға қазақ халқының киіз басу дәстүрін таныстыру. - Ұсақ моториканы, шыдамдылықты және ұжымдық жұмысты дамыту. - Шығармашылық және эстетикалық қабілеттерін арттыру.	
	"Жіппен тоқу" ойыны	- Балалардың ұсақ моторикасын және зейінін дамыту. - Жіппен тоқудың қарапайым әдістерін үйрету. - Шығармашылық қабілеттерін жетілдіру және қазақ халқының қолөнерімен таныстыру.	
	Алшы ойыны	Ойынның ең танымал түрі. Ойыншылар белгілі бір қашықтықтан кезекпен асық атады. Асық түскен жағына қарай ұпай беріледі: асық "алшы" түссе, ең жоғары ұпай беріледі, ал "тәйке", "бүк", "шік" түскен жағдайда ұпай азаяды.	
	Хан (хан ату)	Бұл ойында арнайы таңдалған бір асық "хан" деп аталады. Ойыншылардың мақсаты — алшадан асықтарды ата отырып, соңында "ханды" құлату.	
	Омпы	Асықты белгілі бір биіктіктен лақтырып, оның тік тұрған күйінде түсуін мақсат етеді. Егер асық "омпы" түссе, ойыншы	

		ұтысқа не болады.	
	Шеңбер	Жерге шеңбер сызылады, оның ішіне асықтар қойылады. Ойыншылар шеңбер сыртынан асықтарды атады, шеңберден шыққан асықтар ойыншының еншісіне түседі. Шеңберден шықпай қалған асықтар қайта орнына қойылады.	
	Тас қала	Бұл ойында асықтарды белгілі бір биіктікке қалап, алыстан атып түсіру қажет. Кім асықты көп құлатса, сол жеңеді.	
	Қақпақыл	Қолда бірнеше асықты көтеріп, оларды ауаға лақтырып, қайта қағып алу ойыны. Ойыншы қанша асықты қатарынан қағып алса, сонша ұпай алады.	
	Қыз қуу	Ойын қуанышты көңіл-күй мен жарыс рухын көрсетеді.	
	Қол күрес	Балалардың қол бұлшықеттерін нығайту, күш пен икемділікті арттыру.	
	Теңге ілу	Қолдың шапшандығын, икемділігін және дәлдігін дамыту.	
	Асық ату	Қол мен саусақтардың үйлесімді жұмысын және дәлдікті дамыту.	
	Оюды тап	Ою-өрнек элементтерін есте сақтау қабілетін дамыту	
	Өзіңнің оюыңды жаса	Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және ұлттық элементтерді қолдана отырып, өз қиялымен ою жасауға үйрету.	
	Оюды боя	Логикалық ойлау және сурет аяқтауды үйрену.	
	Оюлар эстафетасы	Балалардың қол моторикасын және командалық жұмыс дағдыларын дамыту.	
	"Шаш қию" ойыны	Ұсақ моторикасын дамыту. Шығармашылық қабілеттерін арттыру.	

		Тәртіптілікке, тазалыққа және күтім мәдениетіне үйрету. Өртүрлі мәдениетке байланысты дәстүрлерді түсіндіру.	
Асық ату		Көзді дәлдеуі мен қол моторикасын дамыту.	
Асық жинау		Қол моторикасын және көзбен көру қабілетін дамыту.	
Асықтан басып шығу		Физикалық белсенділігін және қозғалыс координациясын дамыту.	
Асық ойнау		Өртүрлі асық ойындарының негіздері мен ережелерін үйрету.	
Түсті әлем		Түстерді тану және бояумен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.	
Қазақтың ұлттық киімдерін тану		Ұлттық киімдердің суреттерін бояу, ұлттық киімдер киіп ойындар ойнату.	
Сақина салу		Сақина салу ойыны арқылы зейінін және байқағыштығын арттыру	
Қамшы ілу		Қамшыны белгілі бір нысанаға дәлдеп ілу дағдысын арттыру, көздеу қаблеттері және ойлау шапшаңдықтарын дамыту.	